

Қазақстан Республикасының 2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне N 25 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2000 жылғы 26 қазандағы N 462 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қараша N 1297 тіркелді

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы N 1872 P991872_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 қазандағы N 1536 P001536_ қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесінде:

"2.1.208.30 Қорғаныс сипатындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер мен

тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар" деген жолдан кейін мынадай редакцияда жазылған жолмен толықтырылсын:

"2.1.208.31 Артық қару-жарақ пен әскери техниканы сату бойынша мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеу"

"8.1.230.41.31 Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы" деген жолдан кейін мынадай редакцияда жазылған жолдармен толықтырылсын:

"8.1.230.41.32 Алтын және қымбат металдардың мемлекеттік мұражайы

8.1.230.41.33 Тарихи-мәдени құндылықтарды жөндеу-реставрациялау жұмыстарын жүргізу";

шығыстардың экономикалық жіктемесінде:

"1.1.130.138 Құжырамаға және жерге жалгерлік төлемдер" деген жол келесі редакцияда жазылсын:

"1.1.130.138 Құжыраманы жалға алу төлемдері".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК